

**"Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану"
кәсіби стандартын бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 752 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 18 қарашада № 8910 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 224 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.02.2016 № 224 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 1-тармағына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Кадр және әкімшілік жұмыс департаменті (Е.Е. Хасенов):

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден кейін ресми бұқаралық ақпараттар құралдарында жариялауды, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналастыруды;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден кейін 5 жұмыс күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді ұсыну қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Жұмағалиев

« К е л і с і л д і »

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
элеуметтік қорғау министрі

2013 жылғы 9 қазан
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрінің
2013 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 752 бұйрығымен
бекітілген

«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» кәсіптік стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Кәсіби стандарт:

еңбек нарығының қазіргі заман қажеттілігіне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға, кәсіби қызметтің мазмұнына бірыңғай талаптарды анықтауға;

қызметкерлерді басқару саласында кең шеңбердегі міндеттерді шешуге; білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сонымен қатар тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге; кәсіби даярлықтарын бағалауды жүргізуге және мамандардың біліктілік сәйкестігін растауға арналған;

2. Кәсіби стандарттардың негізгі қолданушылары: білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер; ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ұйымдардың қызметкерлерді басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары; білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар; кәсіптік даярлықтарын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. Кәсіби стандарттардың негізінде қызметтің, лауазымның, біліктілікті арттырудың, қызметкерлерді аттестаттаудың, еңбекті ынталандыру жүйесінің және т.б. функционалдық модельдеріне қатысты ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленуі мүмкін.

4. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір қызмет түрі шеңберінде еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болуы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

3) еңбек қызметінің түрі – кәсіптік қызметтің негізгі және қосалқы функцияларды іске асыруды көздейтін құрамдас бөлігі;

4) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

5) еңбек мәні - белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

6) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

7) жұмыс (кәсіп) тобы – жұмыстың ұқсас түрлерін біріктіретін кәсіби жұмыстар саласы;

8) кәсіптік қызмет саласы – біріккен ортақ негізі бар және оларды орындау үшін ұқсас құзыреттер жинағы бар сала қызметі түрлерінің жиынтығы негізгі және қосалқы функцияларды іске асыруды көздейтін сала қызметінің бір бөлігі;

9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі;

11) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастырушылық-әкімшілік жүйесіндегі функционалдық орын;

13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

14) сала - бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – әр түрлі кәсіптік қызметтер саласында немесе шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын қызмет түрлерінің, атқарымдары мен міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

5. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

К Қ – кәсіптік қызмет;

Қ Т – қызмет түрі;

К С – кәсіби стандарт;

ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;

БТБА – Жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік а н ы қ т а м а с ы ;

ҚР МЖ 01-99 – «Қызметтердің жіктеуіші» 01-99 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші;

ҰБС - Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілері лауазымдарының Үлгілік біліктілік сипаттамалары;
Ф – ф у н к ц и я л а р ;

М – Міндеттер.

2. Кәсіптік стандарттың паспорты

6. Экономикалық қызметтің түрі (кәсіптік қызмет саласы): Көлік және ж и н а қ т а у .

7. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты : тасымалдарды ұйымдастыру және көліктегі қозғалысты басқару.

Кәсіби стандарт «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» кәсіптік қызмет саласында еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына, қызметкердің біліктілігі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды а й қ ы н д а й д ы .

8. Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қ о с ы м ш а с ы н д а көрсетілді.

Стандарт талаптары осы саланың мынадай қызмет түрлері мен кәсіптеріне қатысты қолданылады: автокөлік жүргізуші және автокөліктерді жөндеу жөніндегі сілесір.

3. Еңбек қызмет түрлерінің (кәсіп) карточкасы

Параграф 1. Автокөлік жүргізуші

9. СБШ – 2-4 бойынша біліктілік деңгейі.

10. Мүмкін болатын лауазым атауы: автокөлік жүргізуші.

11. «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» кәсібі субъектіні автокөлік құралын басқару сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға м і н д е т т е й д і .

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілді.

12. Автокөлік жүргізушінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілді.

13. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 2-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілді.

14. Автокөлік жүргізушінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілді.

15. Автокөлік жүргізушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5, 6 және 7-кестелерінде көрсетілді.

Параграф 2. Автокөліктерді жөндеу жөніндегі сілесір

15. СБШ – 2-4 бойынша біліктілік деңгейі.

16. Мүмкін болатын лауазым атауы: автокөліктерді жөндеу жөніндегі сілесір.

17. «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» кәсібі субъектіні автокөлік жөндеу басқару сияқты негізгі функцияларды жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және істей алуға міндеттейді.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілді.

18. Автокөліктерді жөндеу жөніндегі сілесірінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілді.

19. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі осы КС 2-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілді.

20. Автокөліктерді жөндеу жөніндегі сілесірінің орындайтын еңбек іс-әрекеттері және кәсіби стандарттың бірлігін сипаттайтын функционалдық картасы осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілді.

21. Автокөліктерді жөндеу жөніндегі сілесірінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5, 6 және 7-кестелерінде көрсетілді.

А в т о м о б и л ь к ө л і г і н е
т е х н и к а л ы қ қ ы з м е т к ө р с е т у ,
ж ө н д е у ж ә н е п а й д а л а н у
кәсіби стандартына 1-қосымша

Кесте. Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

Реттік №	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының бағыттары ескерілген кәсіп атауы	01-2005 ҚР МС сәйкес кәсіп атауы
----------	----------------------	--	----------------------------------

				біліктілік деңгейі
1	Әр түрлі үлгідегі және маркадағы жеңіл және жүк автокөліктерін басқару	Автомобиль жүргізушісі	Жүргізуші	2-4
2	Автокөліктерге слесарлық техникалық қызмет жасау және жөндеу жұмыстары	Автомобиль жөндеу жөніндегі слесарь	Автомобиль жөндеу жөніндегі слесарь	2-4

А в т о м о б и л ь к ө л і г і н е
т е х н и к а л ы қ қ ы з м е т к ө р с е т у ,
ж ө н д е у ж әне п а й д а л а н у
кәсіби стандартына 2-қосымша

1-Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

«Қызметтердің жіктеуіші» 01-99 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші (ҚР МЖ 01-99)	
Базалық топ	8322
ҚР Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, тарауы	52-шығарылым «Автомобиль және қалалық электр көлігі» бөлімі
БТБА бойынша мамандық	Автомобиль жүргізушісі
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2.1, 2.2	2
3.1, 3.2	3-4
4.1, 4.2	5-8

2-Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары		Жабдықталған және аттестатталған жұмыс орындары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы		Ауыр көтеру, жоғары немесе төмен ауа температурас; зиянды заттардың немесе газдардың ШРК ықтимал артуы.
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары		ҚР Заңнамасына сәйкес
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибес
2.1, 2.2	Жалпы орта білімі бар болғанда автомектепте ұйымдастырылған курстар немесе тиісті лицензиясы бар арнайы оқу орнында оқыту	Талап етілмейді
3.1, 3.2	Техникалық және кәсіптік білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз, техникалық немесе кәсіптік білімнің жоғарылатылған деңгейі	2-деңгейде 1 жыл

4.1, 4.2	Техникалық немесе кәсіптік білімнің жоғарылатылған деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз орта буын маманының біліктілігі	3-деңгейде 2 жыл
----------	--	------------------

3-Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының (кәсіби стандарттың бірлігі)	атау
1	Атокөлікті рейске шығар алдында техникалық байқаудан өткізу	
2	Автокөлік құралын басқару	
3	Орындалған жұмыстардың сапасын тексеру	

4-Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1		Көтергіш, қарау алаңы, көзбен шолып қарау	1-1) Тежегіш жүйесін тексеру педальдардың еркін басылуы, тежегіш сұйықтығының деңгейі саңылаусыздығы, тежегіштердің жұмысы; су бөлгіштен және ау баллондарынан конленсатты төгу көтергіштегі автокөлікті – рульме басқаруды; жүріс бөлігін; аспань сұйықтықтың ағуын және т.б болмауын қарап тексеру. Автокөлікке жанармай құю
	Медициналық қызметкердің жүргізушінің сыртқы түріне қарап тексеруі. Қан қысымын тексеретін аспаптар және басқалары	Медициналық пункт (медициналық мекеме)	(1-2) Жүргізуші денсаулығының физикалық жағдайын тексеру.
	Жол қағаздарының бланкілері, тауарлық-көліктік жүкқұжаттар және өзге де құжаттар	Нормативтік – техникалық құжаттама	1-3) Рейске шығатын құжаттарды дайындау: жол қағазы, тапсырма а. тауар-көліктік жүкқағазды және т. құжаттарды алу
2	Автокөлік құралы (автомобиль)	Автокөлік құралын басқару тетігі (руль, ажырату муфтасының педалі, тежегіш, акселлатор, жылдамдық қорапшасын, қол тежегішін басқа жылдамдыққа іске қосу). Фара жарығының ретеуіштері, бұрылыс айырып-қосқыштары, терезе тазартқыштар, аспаптар тақтасының көрсеткіштері, борттық компьютердің сиглаизаторлары. Слесарлық	2-1) Белгіленген бағдар бойынша жолға шығу, автокөлікті жүк тиеу дұрыс қою, жүктің дұрыс тиелуі және жүктің автокөлікке дұрыс бекітілуін бақылау 2-2) Автокөлікті белгіленген бағыттағы жолмен жүргізу, жол жү ережелерін сақтау; қозғалмалы құрамның құрамдас бөліктерін бөлшектеуді талап етпейтін туындаған ақауларын жол үстінді жою

		және доңғалақ жөндеу құралы, сүйретуге арналған құралдар, өрт сөндіруге арналған қозғалмалы құралдар (өрт сөндіргіш), жүргізушінің дәрі қорабы.	2-3) Жүкті тапсырыс берушігі жеткізу және тапсыру. Тапсыру-қабылдау құжаттарын ресімдеу. Автокөлік кәсіпорнын қайту және автомобильді тұраққа қою
3	Көзбен шолу. Автокөлікке жүкті орналастыру сызбасына және бекітпесіне сай. Автокөліктің салмағын өлшеу және жүк салмағын осі бойынша тексеру.	Бекіту арқандары және темір арқандар, тенттелген кузовтар немесе жүкті жапқышпен жабу. Автокөлік таразысы.	3-1) Жүктің автокөлікке дұрыс тиелуін және дұрыс бекітілуін тексеру, жүктің жолда түгелдігі және сақталуын бақылау.
	Жүгі бар автокөлік құралы (автокөлік).	Автокөлік құралын басқару тетіктері, қадағалау аспаптары, жол жүру ережесі.	3-2) Автокөлікті жол үстінде өздігінен бақылау және автокөлікті дұрыс басқарылуын өздігінен талдау (жол жағдайына және табиғат жағдайына қарай қозғалыс жылдамдығын және жұмыс режим тандау), жол жүру ережесін бұзбау және басқалары
	Жүктің тұтынушысымен (тапсырыс берушімен) жасалатын шарт; тауралық-көліктік жүкқағаздар және басқа да құжаттар	Орындалған жұмыс актісіне және басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға қол қою.	3-3) Жүкті тапсырыс берушігі шартта көрсетілген мерзімде түге және бұзбай жеткізу. Тапсырыс беруші тарабынан шағым болмауы.

5-Кесте. СБШ 2-деңгейі автомобиль жүргізушісінің құзыретіне қойылатын талаптар

Міндет шифры	Жеке және кәсіптік құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
1-1)	Жолға шығар алдында автокөлік құралының тежегіш жүйесін, рульмен басқару жүйесін, жүріс бөлігін, аспаны, сұйықтықтың ағуының болмауын тексеру барысындағы шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Жолға шығар алдында автокөлік құралының тежегіш жүйесін, рульмен басқару жүйесін, жүріс бөлігін, аспа және т.б. өмірлік маңызды тораптарын және бөлшектерін тексере білу. Автокөлікке жанармай, май, салкындатқыш сұйықтық және басқаларын құя білу.	Автокөліктің, оның тораптарының және агрегаттарының құрылысын, автокөлі құралын басқару қауіпсіздігіне және жұмысқа жарамдылығына әсер білу
2-1)	Белгіленген бағдар бойынша жолға шығу, автокөлікті жүк тиеуге дұрыс қою барысындағы шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Автокөлік құралының жүк жеткізетін орынға жүру бағытын сақтай білу. Автокөлікке жүкті дұрыс орналастыру және бекіте білу	Автокөлік құралының жүк түсіретін орынға баратын жол бағыты білу. Автокөлікке жүк тиеу, орналастыру және оны бекіту ережесі білу
		Жүкті автокөлікке тиеу, орналастыру және бекіту	Жүкті автокөлікке ти орналастыру және

3-1)	Шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	дағдысын білу. Жүктің жолда түгел болуын және бұзылмауын бақылау дағдысын білу	бекіту ережесін; жүкт жолда түгел болуы және бұзылмауын бақылау ережесін білу
------	---	--	---

6-Кесте. СБШ 3-деңгейі автомобиль жүргізушісінің құзыретіне қойылатын талаптар

Міндет шифры	Жеке және кәсіптік құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
1-2)	Жүргізушінің физикалық денсаулық жағдайын тексеру үшін жауапкершілікті, өз еркімен жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Өз ағзасын «өмір сүруге қабілетті» етіп (сау, жұмысқа жарамды күйде) ұстау, салауатты өмір салтын ұстану. Өзіне және айналасындағыларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету білу.	Медицина негіздерін білу ағзаны сау, жұмысқа жарамды күйде ұстау, өзіне және айналасындағыларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету тәсілдері мен амалдарын білу
2-2)	Автокөлікті басқару үшін жауапкершілікті, өз еркімен жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Автокөлік құралын қауіпсіз басқару дағдыларын білу, автокөлік жолдары және жергілікті жер бойынша оңтайлы жол бағытын анықтай алу. Жол жүру ережелерін қолдана білу. Жолда туындаған ақауларды жоя білу	Автокөлік құралын қауіпсіз басқару тәсілдері мен амалдарын білу, соңғы белгіленген пунктқа бару ағытын білу. Жол жүру ережесін мүлтіксіз білу. Бөлшектеуді талап етпейті ақауларды жою тәсілдері мен амалдарын білу
3-2)	Автокөлікті жол үтсінде өздігінен бақылау және автокөліктің дұрыс басқарылуын өздігінен талдау үшін жауапкершілікті, өз еркімен жоспарлауды көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Әр түрлі табиғат жағдайында тұман, көктайғақ, жауын-шашын, қар және т.б.) және әр түрлі төсемесі бар жолдарда қозғалу дағдысын білу	Әр түрлі табиғат жағдайында және әр түрлі төсемесі бар жолдарда қозғалу ережесі білу

7-Кесте. СБШ 4-деңгейі автомобиль жүргізушісінің құзыретіне қойылатын талаптар

Міндет шифры	Жеке және кәсіптік құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
1-3)	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, рейске шығу құжаттарын дайындау үшін жауапкершілікті көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Нормативтік-техникалық құжаттаманы толтыра білу және олардың толтырылуын тексеру және олар бойынша есептілік жүргізу.	Құжат жүргізу негіздерін біл нормативтік-техникалық құжаттаманы және олар бойынша есептілікті білу
	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, жүкті тапсырыс берушіге жеткізу және тапсыру, автокөлікті тұраққа қою үшін	Жүкті тапсырыс берушіге жеткізген кезде тапсыру-қабылдау және	Жүкті тапсырыс берушіге жеткізген кезде тапсыру-қабылдау және басы

2-3)	жауапкершілікті көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	басқа да құжаттарды ресімдеу дағдысын білу	да құжаттарды ресімдеу ережесін білу
3-3)	Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, жүкті тапсырыс берушіге шартта көрсетілген мерзімде түгел және бұзбай жеткізу үшін жауапкершілікті көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Көлік қызметтеріне тапсырыс берушілермен қарым-қатынас жасай білу, тапсыру-қабылдау құжаттарын, жүкті жеткізу бойынша орындалған жұмыстар актісін ресімдей алу	Тапсыру-қабылдау құжаттар, орындалған жұмыс актісін көлік қызметтерін көрсету бойынша шарттарды жасау бойынша ережелер мен нұсқаулықтарды білу

Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану кәсіби стандартына 3-қосымша

1-Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысты

"Қызметтердің жіктеуіші" 01-99 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуіші (ҚР МЖ 01-99)	
Базалық топ	7231
ҚР Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
Б Т Б А тарауы	шығарылым, «Слесарлық және слесарлық-құрастыр жұмыстары»
БТБА бойынша мамандық	Автомобиль жөндеу жөніндегі слесарь
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2.1, 2.2	1-2
3.1, 3.2	3-4
4.1, 4.2	5-6

2-Кесте. Еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Жабдықталған және аттестатталған жұмыс орындары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Автокөлік көтергішінің астында жұмыс істеу компьютерлік диагностикалық стендтермен жұмыс істеу, зиянды заттардың немесе газдың ШПІ ықтимал артуы	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше шарты	ҚР Заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім алу және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2.1, 2.2	Техникалық және кәсіптік білімнің белгіленген деңгейі	Талап етілмейді
3.1, 3.2	Техникалық және кәсіптік білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз техникалық немесе кәсіптік білімнің жоғарылатылған деңгейі	2-деңгейде 1 жыл

4.1, 4.2	Техникалық немесе кәсіптік білімнің жоғарылатылған деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе немесе практикалық жұмыс тәжірибесінсіз орта буын маманының біліктілігі	3-деңгейде 2 жыл
----------	---	------------------

3-Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының (кәсіби стандарттың бірлігі)	атау
1	Жұмыс орнын, көтергіш-көліктік және бақылау-сынау жабдықтары дайындау,	
2	Автокөлікті жөндеу	
3	Орындалған жұмыстардың сапасын бақылау	

4-Кесте. Кәсіби стандарттың бірліктер тізімі (функционалдық карта)

Еңбек функциясының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Техникалық бұзылған автокөлік, жеке қорғаныс заттары	Жуу және тазарту құралдары, қауіпсіз жарықтандыру құрылғылары	1-1). Құралдар мен аспаптарды іріктеу және дайындау
	Жүк көтергіштер және стенділер	Нұсқаулықтар, ережелер, режимдер	1-2) жабдықтың (стенділердің) оңтайлы жұмыс іст режимін іріктеу, орнату және пайдалану (стендов)
	Электр және пневмо құрал, арнайы құралдар	Құрал-саймандар	1-3) жабдықтың ақауларын жою
2	Автокөліктің ұсақ жөндеуі	Автокөтергіш, слесарлық құралдар жинағы	2-1) автокөлікті көзбен шолып тексеру. Жуу және тазалау, тәжірибелі маманның бақылауымен қарапайым жұмыстарды және техникалық қызметтерді орындау
	Автокөліктің орташа жөндеуі	Автокөтергіш, арнайы слесарлық құралдар жинағы	2-2) автокөлік тораптары мен агрегаттарының компьютерлік диагностика жасау. Тозған детальды мен тораптарды алмастыру
	Автокөліктің күрделі жөндеуі	Автокөтергіш, арнайы слесарлық құралдар жинағы, стендтер	2-3) автокөлік тораптары мен агрегаттарының компьютерлік диагностика жасау. Тораптар мен агрегаттарды бөлшектеу, кемшіліктерін анықта және жөндеу. Автокөлікті жинау
3	Автокөліктің детальдары және тораптары	Бақылау-өлшеу аспаптары және құралдар	3-1) бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен жұмыстарды сыртқы түрі бойынша тексеру
	Автокөліктің тораптары мен агрегаттары	Диагностикалық және сынақ стенділері, бақылау өлшеу аспаптары	3-2) компьютерлердің және бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен стендідегі жұмыстарды тексеру.
	Жиналған автокөлік		3-3) автокөлікті бос жүріспен және стендідегі жұмыс режимінде тексеру

5-Кесте. СБШ 2-деңгейі автомобиль жөндеу жөніндегі слесарьдың құзыретіне қойылатын талаптар

--	--	--	--

Міндет шифры	Жеке және кәсіптік құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
1-1)	Материалды таңдау және дайындау барысындағы шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Техникалық талаптарға сәйкес автокөліктің техникалық күйін тексере білу, нәтижелері туралы баяндау	Автокөлік құрылысы турал негізгі мәліметтер; өңделеті материалдардың негізгі механикалық ерекшеліктері. Әмбебап және арнайы құрал-саймандардың, бақылау-өлшеу құралдары мен аспаптарының құрылысы
2-1)	Автокөлікті көзбен шолып тексеру, жуу және тазалау кезіндегі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Кабина, кузов, жүріс бөлігі және аспаның дұрыстығын тексеру. Қарапайым агрегаттар, тораптар және детальдардың ТҚ. Қарапайым ақауларды жоюға байланысты бекіту жұмыстары. Электр жабдықтарының қарапайым аспаптарын жөндеу және ТҚ, 4-7 дәлдік класымен (слесарлық аспаптарды және бақылау-өлшеу аспаптарын қолдана отырып) слесарлық өндеу автокөлікке ТҚ кезінде қарапайым жабдықты және бақылау-өлшеу аспаптарын қолдану	Автокөлік құрылысын білу автокөліктердің ТО-1 және Т 2 ауқымында жұмыстарды орындау тәсілдерін, күрделі орташа арнайы құралдар мен құрал-саймандарды, бақылау-өлшеу аспаптарын қолдану ережесін, өңделеті материалдардың ерекшеліктерін білу. Салқындатқыш сұйықтықта майлар және отынның мінде және қолданылу ережесі электр техникасы және электроника бойынша негіз мәліметтер, металл технологиясы
3-1)	Қарапайым жөндеу жұмыстарын және ТҚ жүргізу кезіндегі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Бақылау-өлшеу аспаптарының көмегімен орындалған жұмыстардың сапасын тексере білу	Автокөлікке қарапайым жөндеу жұмыстарын жүргізу және техникалық қызмет жасаудың техникалық шарттарын және талаптарын бақылау-өлшеу аспаптарын білу

6-Кесте. СБШ 3-деңгейі автомобиль жөндеу жөніндегі слесарьдың құзыретіне қойылатын талаптар

Міндет шифры	Жеке және кәсіптік құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
1-2)	Жабдық жұмысының тиімді режимдерін, таңдау, орнату және пайдалану үшін жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Техникалық талаптарға сәйкес автокөліктің техникалық күйін тексере білу, нәтижелері туралы баяндау	Автокөлік құрылысы туралы негіз мәліметтер; өңделетін материалдардың негізгі механикалық ерекшеліктері. Әмбебап және арнайы құрал-саймандардың, бақылау-өлшеу құралдары мен аспаптарының құрылысы
			Қозғалтқыштың және қоректендіргіш жүйесінің, трансмиссияның тораптары мен агрегаттарының рульмен басқарудың және тежегіш

2-2)	Автокөлік тораптары мен агрегаттарына компьютерлік диагностика жасау үшін жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Автокөлік құрылысын, автокөлікке техникалық қызмет жасау әдістері мен тәсілдерін, пайдалану материалдарын, автокөліктердің электроника негіздері бар электр жабдықтарын, диагностика жасау құралдары мен технологиясын білу	жай-күйін тексеру. Жауапты агрегаттар, тораптар және аспаптарды бөлшектеу, жөндеу жә жинау. Күрделілігі орташа агрегатт , тораптар және детальдарға ТҚ Қарапайым агрегаттар, тораптар м аспаптарды сынақтан өткізу. 3-дәлдік класымен слесарлық өнде жасау. Күрделілігі орташа автокөліктерге ТҚ жасау үшін компьютерлік диагностика жән жабдық қолдану
3-2)	Автокөліктің тораптары мен агрегаттарына компьютерлік диагностика көмегімен жүргізілген жөндеу жұмыстарын тексеру үшін жауапкершілікті, өз бетінше жоспарлауды болжамдайтын, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Бақылау стендтері мен аспаптардың көмегімен орындалған жұмыстардың сапасын тексере білу.	Автокөліктің тораптары мен агрегаттарына жөндеу жүргізуді техникалық шарттары мен талаптарын, компьютерлік диагностика тәсілдерін білу

7-Кесте. СБШ 4-деңгейі автомобиль жөндеу жөніндегі слесарьдың құзыретіне қойылатын талаптар

Міндет шифры	Жеке және кәсіптік құзыреттері	Дағдылары мен біліктері	Білімі
1-3)	Диагностикалық, бақылау-өлшеу жабдығын баптау үшін бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауы үшін жауапкершілікті көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Диагностикалық, бақылау-өлшеу және жөндеу жабдығының жұмысындағы ақауларын уактылы жоя білу	Диагностикалық, бақылау-өлше аспаптарының міндеті мен құрылысын білу және оларды жұмысындағы ақауларды жөн әдістері
2-3)	Тораптар мен агрегаттарды бөлшектеу, ақауларын анықтау және жөндеу үшін бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауы үшін жауапкершілікті көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша	Диагностика жүргізу және ГЖҚ, электр жабдық жүйелерінің, коректендіру, жабдықтау жүйелерінің анықталған ақауларын жою. Автокөліктің жүріс бөлігіне диагностика жасау және анықталған ақауларын жою. Диагностика және автокөлік кузовының анықталған ақауларын жою. Компьютерлік диагностикалық стенділер мен кешендерді БҚ (бағдарламалық камсыздандыру) қамтамасыз ету. Алынған	Күрделілігі орташа тораптар ме агрегаттардың құрылысын, жұмі істеу қағидатын, міндетін; автокөліктерді жинау, детальдар , тораптарды, агрегаттар ме аспаптарды жөндеу ережесін бөлшектеу және жинаудың негіз амалдарын, жауапты реттеуш және бекітуші жұмыстарды, металдың негізгі қасиеттерін детальдарды термоөндеу міндеттерін, әмбебап және арнай құрал-саймандардың құрылысы компьютерлік диагностика

	орындаушылық-басқарушылық қызмет	нәтижелерді түсіндіру және техникалық сипаттау	стенділерін және бақылау-өлше аспаптарын білу
3-3)	Автокөлікке компьютерлік диагностика және бақылау-өлшеу стендтердің көмегімен күрделі жөндеу жүргізу үшін бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауы үшін жауапкершілікті көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Бақылау сынау стендтері мен компьютерлік бағдарламалардың көмегімен күрделі жөндеуден өткен, жиналған автокөлікке кешенді тексеру жүргізе білу	Автокөлікке күрделі жөндеу жүргізудің техникалық шарттар мен талаптарын білу, компьютерлік диагностика жабдықтарын мүлтіксіз білу

4. Осы кәсіби стандарт негізінде берілетін сертификаттар түрлері

5. Кәсіби стандартты әзірлеушілер

PRC «Career-Holdings»

6. Келісу парағы

Ұйым атауы	Келісілген күні
Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрлігінің техникалық және кәсіптік білімді және кадрлар даярлауды дамыту бойынша салалық кеңес	

7. Кәсіптік стандарттың сараптамасы және тіркелуі

Осы кәсіптік стандарт _____ бекітілді және тіркелді.

Кәсіптік стандарттар тізіліміне енгізілді. Тіркеу № _____

Хат (хаттама) № _____ Күні _____